

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастыруышылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

әліпбіндегі барлық әріпті сақтай отырып, бұрын әліпбиде болмаған дауысты дыбыстар таңбасын да қосты.

Ацтек жазуы – Орталық Мексикада XVI ғасырга дейін қолданылған үнді тайпаларының жазуы. А.ж. сипаты жағынан пиктографиялық және иероглифік болды. Деректерде А.ж. ацтектерге көрші миштектерден алынуы мүмкін деген пікір бар. Пиктограммалардың орналасуында нақты жүйе жоқ: олар көлденен, тік немесе қарама-қарсы бағытта орналасқан. Сурет араласып келген пиктографиялық жазуга әртүрлі таңбалар қосылып, белгілі бір ұғымды береді. XVI ғасырда испандыктар жаулап алғаннан кейін ацтектер мәдениеті латын графикасына негізделген испан әліпбіндегі дамыды.

| | | | | | | | |
|-----|-----|----|----|---|---|---|---|
| A a | B b | Ch | D | E | F | G | H |
| I | J | K | L | M | N | O | P |
| R | S | T | Tl | U | V | W | X |
| Y | ' | | | | | | |

«Ашық хат. Емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқытушыларға, оқушыларға, барлық жазушыларға» – Қазақстан Орталық жаңа әліпбі комитетінің «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылдың 18-ақпандағы санында емлеке қатысты көшпіліктің пікірін жинақтау мақсатымен жарияланған хаты. Ашық хатта 1929 жылдың 20-наурызында Қазақстан оқу комиссариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, емлеке енген езгерістер көрсетіледі: 1. Ұзын «ұ», «сұ», «асыулар» бір түрде (ұу) жазылыб, (жінішке естілгенде де) бір түрлі ұу жазылсын. 2. Бірнеше түбірден құралған бір мәнілі сөз (бас алқа, от арба, жел-бау, көзі қорақты, жол соқты, ат сырау, қан сырау, күн елту, әр кім, бір жола, еш деңе) тұтас жазылсын. 3. «Кенжеғыл», «Аяғөз», «кетпен», «жонқа», Бұрамбай» сияқты бір мәнілі сөздердің ішіндегі дұдемал дыбыс естілуінше жазылсын. 4. «Бір мәнілі сөз» деп қандай сөздерді айтуда болады? Кейбір дыбыстары жоғалып, екі түбірден кірігіп қыскарған сөзді айтамыз ба? Сейлем ішіндегі мәнісіне (сұрауына) қарап, бір мәнілі деп табу керек пе? Болмаса басқа өншеуіш бар ма? 5. Тұтас сөздің ішіндегі «з», «ж», «ш», «с» дыбыстары естілуінше емес, түбірінше жазылсын (*tas – tasша, taz – tazisha, тәж – тәжшиша, ac – асша*). 6. Түбірдің дыбысына жалғау, журнақтың дауыссыз дыбысы ықпал етпесін (*тун түнгі* бол жазылсын, естілуінше *түңгі* бол жазылмасын). 7. *L, r, u, й*-ден басталатын

сөздерде *ы*, у дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе жазылmasын. 8. Есімшениң «тұн» журнағы (*баратұн, келетұн*) естілуінше «тін» боп жазылсын. «Үшін», «ұркер» сияқты сөздерде *ұ*, *ө*, *і*, *е* жазылсын. 9. Демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*гой, гана, дама, мен*) дыбыстары естілуінше, түбір сөздер сызықша мен айрылып жазылсын (*бердi-гой, рас-қой, шақ-қана, журсек-те, алды-ма, келiп-бpe, адам-мен, eп-pен*). 10. Сын есімді күшеттептін үстеге буындар (*кап-қара, оп-оцай*) естілуінше қосылып жазылсын. 11. «Ау», «ай» одагайлар сөзге тіркелгенде (*япырмау, жсанымай*) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде, бөлек жазылсын (*Ай, Асан*). 12. «Еке» (*аға, еке*) журнағы өзге журнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаеке*). 13. Кейбір көмекші етістіктер (*бар, жур, едi, ген, едi*) етістікпен бірге із сызықшамен айрылып жазылсын. 14. «Сын», «сың» боп қысқарып айтылатын «соң» сөзге келгенде бірге жазылсын (*барғансоң, онсын*). Бұларды емлеге енгізіліп жатқан өзгерістер ретінде атай келіп, газет оқырмандарының осыған қатысты пікірлерін, өзге де ұсыныстарын сұрайды.